



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

менсінбеу, еш елең етпеу, болған жағдайға мән бермей, өзімшілдік таныту деген мағынада қолданылады. Ағылшын тілінен сөзбе-сөз аударса «ісіген, үрілген бас» деген мағына береді. No, it's the blokes who get swelled head that make the trouble (J. Galsworthy). Салбаттың бір де қызы саған пысқырып та қарамаған екен (К. Оразалин).

Put a head on somebody- аузына қақпақ болу. Яғни, еркін сөйлетпеу, көңілдегісін айтқызбау. Қақпақ дегеніміз ыдыстың бетін жабуға арналған жабын. Егер ыдыстың беті жабулы тұрса, ішінде не бар екенін білу қиын. Сондықтан аузына қақпақ болды деген біреудің білетін нәрсесін басқалардың білмеуі үшін еріксіз айтқызбау дегенді білдіреді. The gentlemanly proprietor of the premises had kindly volunteered to "put a head" on the man who fired the pistol if anybody would point him out (S. Evans). Тергесең, Қодар сұмдығын... көпке жайып әкеткен елді терге. Ел аузына қақпақ болып көрші. Бірақ ол қолыңнан келмейді...- деді (М. Әуезов).

Британ ғалымдары Дж. Лакофф пен М Джонсон "махаббат" деген метафораны атап көрсетіп, ағылшын тіліндегі *to lose one's head* – есінен айрылу; *to make one's head go round*, - басы айналу деген фразеологизмдер ғашық болудан басы айналып, ақыл-естен айырылу, жынданып кету деп бағалайды. Ағылшынтанушы ғалымдардың байқауынша англосаксон мәдениетінің негізгі жетекші концептісі - "mind - "ес", "ақыл", "сана". Есінен айрылып, басы істеуден қалған, ақылға келмеген - нашар адам. Демек, ғашықтық адамның логикалық ойлау қабілетіне зақым келтіріп, рационалды шешім қабылдауына мүрсат бермей, өмірге қауіп төндіретін деструктивті құбылыс [2] болып табылады.

Бұдан басқа, *bas/head* лексемасы метафоралық, метонимиялық өзгерістерге ұшырап, «бастық», «басшы», «көшбасшы» деген мағынаға ие болды. *To be at the head of* – басқару мәнінде қолданылуы осының дәлелі болып табылады. Мысалы, *Company requires capable and professional person to head up real estate department*.

Қорыта келгенде, белгілі бір ұлттың тарихынан, мәдениетінен, таным болмысынан, тұрмыс-тіршілігінен хабардар ететін тілдік бірліктерге ең алдымен тілдегі фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер жатады. Себебі олар белгілі бір ұлттың өзге ұлттардан менталдық айырмашылығын көрсететін, салт-дәстүр ерекшеліктерін білдіретін ұлттық өмір көріністерінің айнасы болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Сәтенова С. Әртіпес тілдердегі фразеологизмдердің ұқсастықтары мен айырмашылықтары// Қазақ тілі (Фонетика, лексика грамматика). Алматы. 1999. Б. 159-164.
2. Кеңесбаева Ү. Ағылшынша-қазақша фразеологиялық сөздік. Астана. 2010. Б. 282-285.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы. 1978. Б. 55-60.

ӘОЖ 811.512.122`37

ЖҮРЕК/HEART КОМПОНЕНТТІ СОМАТИЗМДЕРДІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

Мақсотова Нәзерке И.

1-курс студенті

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Ғылыми жетекшісі – Н.Ж.Жұмай, аға оқытушы

Тіл білімінде лексикалық бірліктерден басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімнің фразеология саласы зерттейді. Фразеология термині (гр. Phrasis сөйлемше және logos сөз, ілім сөздерінен шыққан) қазіргі тіл білімінде екі мағынада қолданылады. Біріншіден, тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін саласы, екіншіден, белгілі бір тілдегі фразеологизмдердің жиынтығы дегенді білдіреді.

Осы күнгі тіл білімінде фразеологизм деген ұғым кең мағынада қолданылады. 1990 жылы жарық көрген “Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте” фразеологизмдерге мынадай анықтама берілген: “Фразеологизм дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдарымен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, даяр қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер”. Осы анықтамаға сүйенсек, фразеологизмдерге кең мағынада тілдегі мағына бірлігін сақтаған тұрақты сөз тіркестерінің барлық түрі де жатады. Олар тұрақты сөз тіркестерінің түрлері мен сөйлемшелер, коммуникативтік тұрақты қолданыстағы әр түрлі номинативтік бірліктер, қос сөздер мен қосарлы тіркестер, ресми іс-құжаттарындағы даяр сөз орамдары т.б. түрінде болуы мүмкін [1, 184 б.].

Фразеологияны тіл білімі саласындағы дербес пән деп танудың өзі осы аталған заңдылықтарды қаншалықты мойындауға болатындығына байланысты болмақ [2, 590 б.].

1970 жылдардан бастап В.В.Виноградов пен Н.М.Шанскийдің үлгісі бойынша фразеологизмдердің біртұтас мағынасы мен құрастырушы сыңарлары мағыналарының арақатысы тұрғысынан қазақ тіліндегі фразеологизмдерді төрт топқа бөлу тәжірибесі қалыптасты. Олар фразеологиялық тұтастық, фразеологиялық бірлік, фразеологиялық тіркес, фразеологиялық сөйлемше. Ал енді осылардың ішіндегі біздің қарастыратынымыз фразеологиялық тіркестер болмақ. Бұған құрамындағы ерікті мағынасындағы сөз бен байлаулы мағынасындағы сөздің тіркесуінен жасалып, даяр қалпында қолданылатын фразеологизмдер жатады. Мысалы, *қолаң шап* фразеологизмінің құрамындағы *шап* сөзі ерікті мағыналы сөз, себебі ол басқа да бірқатар сөздермен тіркесе береді : *сүмбіл шап, сұлу шап, бұрыл шап, қара шап, әдемі шап, ақ шап* т.б., ал *қолаң* сөзі кез келген сөзбен тіркесе бермейтін, осы мағынасында тек *шап* сөзімен тіркесетін мағынасы байлаулы сөз. *Түлен тұртті* фразеологизміндегі *тұртті* сөзі ерікті мағыналы сөз, ол *сайтан тұртті, қолмен тұртті, ажал тұртті, көзге тұртті, сор тұртті* т.б. тіркестерде кездесе береді, ал *түлен* сөзінің мағынасы байлаулы, ол тек *тұртті* сөзімен ғана тіркесе алады. *Сүмбіл шап, аршын төс, тас қараңғы, қыпша бел, жапан тұз, жапа шекті, жападан жалғыз, қоян жүрек, күндіз баласы, түн баласы, құла тұз, сұғын қадады, баз кешті, бықпырт тигендей, телегей теңіз, екі көзі бұлаудай* т.б. фразеологизмдері де осындай тіркестер қатарына жатады. Фразеологиялық тіркестердің тағы бір ерекшелігі, олардың құрамындағы байлаулы мағынадағы сөздерді оларға синоним болатын сөздермен ауыстыруға болады. Мысалы, *қоян жүрек – су жүрек, қыпша бел- құмырсқа бел, зар жақ- қу жақ, самар жақ, құла тұз- жапантұз* т.б. Мұнда *қоян* сөзінің орнына *су*, *қыпша* сөзінің орнына *құмырсқа*, *зар* сөзінің орнына *қу*, *самар*, *құла* сөзінің орнына *жапан* сөзі жұмсалып тұр [1, 193-194 б.].

Ғалым Гүлдархан Смағұлова өзінің « Фразеологизмдердің варианттылығы » деген еңбегінде: Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданылуы жағынан лексикалық единица-сөзге ұқсайды. Фразеологизмдер бірнеше сөздің тіркесінен құралғанмен, дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлегенде тұтас күйінде қолданылады. Мысалы: *көзіне топырақ шашу, жұмған аузын ашау, көңілі босау, қабақ білдіру, сау басына сақина тілеу* т.б. Бұлар құрылым-құрылысы жағынан күрделілігіне қарамастан, сөйлем ішінде әрқайсысы жеке сөздермен бірдей, теңесіп тұрады, әрі сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарады. Күрделі сөздермен фразеологизмдердің бір-бірімен сырт тұлғасы жағынан ұқсас жақтары бар. Мәселен, есім фразеологизмдер мен күрделі сөздер бір үлгімен жасалады. Мысалы: *жел сөз, жел диірмен, тас жүрек, тас жол, ылтыр қара, өлі жара* (бітпес кек) т.б. [3, 106].

Фразеология – құрамы мен құрылымы тұрақты, сөйлеу кезінде қайта жасалынбай, даяр қалпын сақтай отырып қолданылатын, мағына тұтастығы мен тіркес тиянақтылығы тән бейнелі тұрақты тіркестердің қазіргі күйін және тарихи қалпын зерттейтін тіл білімінің саласы. Фразеология тіл білімінің жеке саласы ретінде зерттеле бастаған кезден-ақ сөздің ішкі формасын зерттеу нәтижелері фразеологизмдерге қатысты қолданылды [4, 11-156].

Фразеологизмдерде адам, қоғам, табиғат жөнінде тілдік ұжымның сан ғасырлық дәстүрлі білімдер жүйесі сақталғандағы бізге аян. Фразеологизмдер тіл қазынасының ерекше бір қымбат дүниесі – сөз жүйесінің ішінде шоқтығы биік болып көрінетіні де сондықтан.

Фраземалардың құрамындағы компонентті сомантизмдер көбінесе ауыспалы әрі символикалық тұрғыдан ерекшеленеді. Кез келген адам фразеологизмдерді қолдана отырып, өз ойларын толық беруге немесе айтылған сөзден ерекше әсер қалдыруға тырысады. Мәселен, адамның дене мүшесіне байланысты фразеологизмдерді әр түрлі белгілеріне байланысты топтастыруға болады. Мысалы, қоршаған ортадан ақпарат қабылдайтын мүшелері – көз және құлақ. Тіл – ақпараттың жеткізілуін қамтамасыз ететін мүше болса, жүрек – адамның әр түрлі сезімін, уайымын, қуанышын әрі көңіл-күйін білдіретін дене мүшесі болып табылады. Енді жүрек компонентті кейбір сомантизмдердің қазақ және ағылшын тіліндегі этнолингвистикалық сипатына тоқталайық.

Егер, біз ішкі жан-дүниеміздің канжылғанын білдіргіміз келсе, **«жүрегі қарсы айырылды»** немесе **«жүрегін сыздатты»** деген фразеологизмдерді пайдаланамыз. Сәйкесінше, ағылшын тіліндегі баламасы **“heart is bleeding”** түрінде қолданылады. Әрине бұл сөзбе сөз баламасы болмағанымен де, мағынасы жағынан дәл үйлеседі. Біреудің қорқу сезімін білдіру үшін **«жүрегі ұшты», «жүрегі тас төбесіне шықты», «жүрегі зу ете қалды»** сияқты соматикалық тіркестерді қолданамыз.

Heart/жүрек компонентінің екі халық арасында, яғни қазақ пен ағылшын тілдерінде қолданылуын тікелей адамның жанымен, сезімімен, махаббатпен, мейірімділікпен және шынайылықпен байланысты қарастыра аламыз. Бірақ, бір айта кететін жайт, қазақ халқында көбінесе «жүрек» сөзі «жан» сөзімен синонимдес болып келеді. Ал ағылшын қауымында «жүрек» сөзі тікелей, яғни тура мағынасында қолданылады. Бәлкім, бұл қазақ халқының ұлттық дүниетанымымен тығыз байланысты шығар. Мысалы, **one's heart is not in it – жүрегі дауаламады немесе жаны қаламады. In one's heart of hearts- жүрегіннің түбінде. Heart is bleeding- жаны жараланды, жаны қиналды немесе жүректі сара тілді, жүректі дерт алды** сияқты тілдік бірліктерден осыны аңғарамыз. Адамның жағымды қасиеттерін сипаттаған кезде де жиі «жүрек» сомантизмін қолданамыз. Мәселен, **heart of gold- жүрегі алтын, to have a big heart – жүрегі кең, ізгі жүректі** т.б.

Қорыта келе, біз екі халық арасындағы «жүрек» сөзінің фразеологизмдік қолданысына, әсіресе осы сөз арқылы берілетін фразеологизмдердің этнолингвистикалық сипатына тоқтала отырып, айырмашылықтары мен ұқсастықтарын сараптау арқылы, ағылшын және қазақ халқының дүниетанымы мен қоршаған ортаны қабылдауы, мінез-құлқы мен көңіл-күйін білдіруде соматикалық тұрақты тіркестерді жиі қолданатынын, беретін мағынасы мен баламаларының көп жағдайда сәйкес келе алатынын, алайда қос халық ділінің ерекшелігіне байланысты мағына алшақтығы да болатындығына көз жеткіздік.

Қолданылған әдебиет

1. Р. Қалиев, Ә.Болғанбаев. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: Санат, 1997.
2. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, 1977.
3. Г.Смағұлова. Фразеологизмдердің варианттылығы. Алматы, 1996.
4. Р.Авакова. Қазақ фразеологизмдерінің семантикасы. Автореферат. Алматы, 2003.

УДК 811.111'25

ПЕРЕВОД VS ИНТЕРПРЕТАЦИЯ

Сарманова Жанара Советовна

sary_enu@mail.ru

Магистрант 2 курса филологического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Научный руководитель – Ж.А.Бейсембаева

В современном казахстанском переводоведении существует целый ряд вопросов, стоящих перед переводчиками, ответы на которые достаточно сложно привести: